

**«ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ
МАҢҒЫСТАУ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРІ»
тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы**

**Тақырып: Заманауи білім берудің негізгі
бағыттары**

Жайлыбаева Айтгүл
Ғылыми жетекшісі М. Бағдатұлы



« Болашақта
өркениетті дамыған
елдердің қатарына ену
үшін заман талабына
сай білім қажет.

Қазақстанды дамыған
50 елдің қатарына
жеткізетін, терезесін
тең ететін – білім»

Н.Ә.Назарбаев



Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында:

«Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»



Заманауи білім берудің негізгі бағыттарына:

а) Үштілділік;

ә) Медиабілім;

б) Спиралды қағидатпен оқыту;

в) 12 жылдық білім беру жүйесі;

г) Цифрлы Қазақстан;

д)



Елбасымыздың: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар — қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі”.



KAZAKH

RUSSIAN



ENGLISH



Draw a picture, 3 flags





XXI ғасыр – ақпараттық қоғам ғасыры, бұл өркениеттің жаңа түрі десе де болады, сондықтан жаңа әлемге үлкен дайындықпен, біліммен және компьютерлендірілген өмір шындығын дұрыс бағалап, түсіне отырып аяқ басу керек.



Медиа-білім беру — педагогикадағы білім алушылардың бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқуын жақтайтын бағыт. Негізгі міндеті — жас ұрпақты қазіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның психикаға әсерін білуге үйрету.



Медиабілімнің негізгі бағыттарына:


а) қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау;

ә) әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуіне;

б) зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуіне;

в) техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету сияқты мәселелер жатады .





Спиральді оқыту Джером Брунердің танымдық теориясына негізделеді. Яғни оқу пайда болуда тәжірибе игеріп, Л.С.Виготскийдің «астыдан- үстіге» жолы сияқты және сана принципінде қалыптасқан оқыту.



Бенджамин Блумның «Блум таксономиясы».



Таксономия (грекше. *táxis* — орналасу, құрылыс, тәртіп және *nómos* — заң) деген мағынаны білдіреді.



12 жылдық білім беру мазмұнының негізгі **мақсаты** — дамып келе жатқан қоғамда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

12 жылдық жалпы орта білім беру үш сатыдан тұрады:

I-саты — жалпы бастауыш білім беру (1–4-сыныптар — бастауыш мектеп). Оқуды бастау жасы — 6 жас. Оқу мерзімі — 4 жыл.

II-саты — негізгі орта білім беру (5–10-сыныптар — негізгі мектеп). Оқу мерзімі — 6 жыл.

III-саты — жалпы орта білім беру (11–12-сыныптар — жоғарғы мектеп). Оқыту ұзақтығы — 2 жыл.



Шетелдік тәжірибедегі 12 жылдық білім беру.

Германияда 2 сатыдан тұрады:

I- бастауыш мектеп, ол 1–4 сыныптарды қамтиды (оқу 6 жастан басталады).

II- – жоғарғы саты, ол міндетті кәсіби мектепті қамтиды,

Балалар қабілеттеріне қарай 3 бөлінеді. 1) жалпы және бастауыш кәсіби дайындық алу үшін 9 жылдық мектепке, 2) 10 жылдық нақтылы мектепке барады. Қабілеттері жоғары балалар гимназияда жалғастырады. Негізгі мектепте (5-10 сыныптарда) 50%-ға жуығын жасөспірім оқушылар құрайды, олар толықсыз жалпы білімді меңгергеннен кейін, кәсіби білім алуға жолдама алады. Ал нақтылы мектепте (5-10 немесе 7-10 сыныптар) кәсіби-практикалық бағытта жалпы толықсыз білім беріледі, онда физика, химия, биология, шет тілдері мен басқа да академиялық пәндер оқытылады. Нақтылы мектепті бітірген оқушы орта және содан кейін арнайы жоғары кәсіби-техникалық оқу орындарына түсе алады. Гимназия (5-13 немесе 7-13 сыныптар) толық орта білім меңгертіледі және университеттік үлгідегі ЖОО түсу құқығын береді. Негізгі мектепті аяқтағанда 4 пән бойынша емтихан тапсырады.







DIGITAL KAZAKHSTAN

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілді. Бағдарлама бірнеше бағыттардан тұрады. Ал білім саласындағы цифрландыру мәселесіне келсек, бұл – адами капиталды дамыту бағыты. Бұл бағыт білім берудің басқару жүйесін құру, бастауыш білім беруде бағдарламалау негіздерін 2-сыныптан енгізу, жетекші АКТ мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту сияқты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Оның ішінде заманауи трендтерді ескере отырып, студенттердің цифрлы дағдыларын арттыру мақсатында еліміздегі жоғары оқу орындарының базасында құзыреттілік орталықтарын ашу көзделген. Жалпы бағдарламаның орындалуы жақсы деңгейде деуімізге болады.



Жаңартылған білім – болашақтың кепілі!





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**

